

Нарық экономикалық қатынастардың жүйесі ретінде

Экономика кафедрасының
Аға оқытушысы, магистр

Тажиева Индира Таргыновна

Нарық экономикалық қатынастардың жүйесі ретінде



1. Нарық және оның пайда болу шарттары
2. Нарық құрылымының топтастырылуы.
3. Сұраныс және ұсыныс теориясының негіздері



Нарықтық экономиканың негізгі белгілері:

Жеке меншікке негізделуі

Жеке мүдделер

Таңдау еркіндігі

Бәсекелестіктің дамуы

Еркін баға құрылымы

**Мемлекеттің экономикаға
араласуының шектеулі
болуы**

Нарықтық шаруашылық субъектілері

Үй шаруашылықтары

Фирмалар, кәсіпорындар

Мемлекет




Нарықтың пайда болу шарттары

Қоғамдық еңбек бөлінісі

Жеке меншік шеңберінде өндірушілердің бір бірінен экономикалық тұлғыдан оқшаулануы

Өндірушінің өзбеттілігі, экономикалық іс-әрекеттердің еркіндігі



Нарық құрылымының топтастырылуы:

Нарықтық қатынастар объектілерінің экономикалық бейімделуі б-ша

- Тауарлар мен қызметтер нарығы, өндіріс факторлары-ның нарығы, қаржы нарығы, ақпарат нарығы

Географиялық орналасуы бойынша

- Жергілікті нарық, аймақтық нарық, ұлттық нарық, халықаралық нарық

Бәсекелестікті шектеу дәрежесі бойынша

- Монополиялық бәсекелестік нарығы, олигополиялық нарық, таза монополия, жетілген бәсекелестік нарығы

Салалар
бойынша

- Автомобиль нарығы, азық-түлік нарығы, компьютерлер нарығы

Сату сипаты
бойынша

- Бөлшек сауда нарығы, көтерме сауда нарығы

Заң нормаларына
сәйкес келу
дәрежесі бойынша

- Ресми нарық, заңсыз нарық

Нарық механизмінің негізгі элементтері

*Баға-тауардың
акшалай көрінісі.*

Сұраныс-адамдардың
тауар сатып алуға
талабы мен қабілеттілігі.


Ұсыныс-бұл
сатушылардың нарыққа
тауарларды сату
қажеттілігі және қабілеті.

Бәсеке-шаруашылық жүргізудің қолайлы
жағдайына ие болу үшін, пайданы мол алу
үшін тауар өндірушілердің бір-бірімен күресі.

Сұраныс пен ұсыныс нарықтық экономиканың ең маңызды элементтері. Сұраныс ақшалай камтамасыз етілген тұтынушының қажеттілігі немесе сұраныс төлем қабілеттілігі бар қажеттілік. Құндық тұрғыдан сұраныс осы қажетті тауарлардың санасын құрайды.

Сұраныс заңы – тауар бағасы мен сұраныс көлемі арасындағы кері қатынастың көрінісі, яғни тауарға баға төмендегенде тұтынушы оны көп мөлшерде сатып алады. Егер тауарға баға өссе, оған деген сұраныс азаяды.

Сұраныстың қисығы – бұл сұраныс заңының графиктегі көрінісі, яғни бұл сызықтағы нүктемелер белгілі бір уақыттағы тұтынушының тауарды қандай бағамен және қанша мөлшерде сатып алатын мүмкіншіліктерін көрсетеді.



Сұраныстың ҚИСЫҒЫ

Бағаның өзгеру әсерінен сұраныс көлемінің өзгеруі сұраныс қисығының өз бойымен жылжуынан көрінеді.

Графиктегі көлденең осьте сұраныс көлемі (Q), ал тікелей осьте (P) – тауардың бағасы, сұраныстың қисығы (D).

Нарықтық сұраныс көптеген факторлардың әсерімен қалыптасады. Сұранысқа бағадан басқа да бағалық емес факторлар әсерін тигізеді:


- **Тұтынушылардың табысы.**
- **Тұтынушылардың саны.**
- **Тұтынушылардың талғамы.**
- **Бірін бірі алмастыратын және бірін - бірі толықтыратын тауарлардың бағаларының өзгеруі.**
- **Келешектегі өзгерістерді күту.**

Ұсыныс – бұл өндірушінің белгілі бір уақытта, белгілі бір бағамен нарықта сатуға дайындаған тауарларының саны.

Ұсыныс заңы – бұл баға мен сатылатын тауар санының арасындағы **тікелей** қатынас, яғни тауардың бағасы өскен сайын оның сатуға дайындаған саны да молаяды.

Ұсыныстың қисығы – бұл ұсыныс заңының графиктегі көрінісі, яғни бұл сызықтың нүктелері бағалардың белгілі бір мерзімде өзгеруінен сатушылардың нарықта қанша тауар ұсынатынан көрсетеді.

ҰСЫНЫС ҚИСЫҒЫ



**Бағаның өзгеруінен
ұсыныстың көлемінің өзгеруі
ұсыныс қисығының өз
бойымен жылжуынан
көрінеді.**

Графикке ұсыныс қисығын салғанда тікелей осьте тауардың бағасы (P), көлденең осьте ұсыныстың көлемі (S). Қисық сызық шығып келе жатқан бағытта болады.

**Ұсынысқа бағадан басқа да бағалық емес
факторлар әсерін тигізеді:**

- **Ресурстардың бағасы.**
- **Технология.**
- **Бірін бірі алмастыратын және бірін бірі толықтыратын тауарлардың бағасы.**
- **Келешекте инфляциялық және тапшылық жағдайлардың өзгерістерін күту.**
- **Бәсекенің деңгейі.**
- **Салықтар және субсидиялар.**
- **Ұсынысқа өндірістің даму барысында уақыт аралығы да әсерін тигізеді.**

Назарларыңызға
рахмет!

Үй тапсырмасы:

- 1. Нарық: мәні, элементтері, жіктелімдері, қызметтері, принциптері;**
- 2. Инфрақұрылым және нарықтық инфрақұрылым;**
- 3. Сұраныс: мәні, заңы, факторлары, қисығы;**
- 4. Ұсыныс: мәні, заңы, факторлары, қисығы;**
- 5. Нарықтық тепе-теңдік: тепе-теңдік баға, тепе-теңдік көлем, тапшылық, артықшылық;**
- 6. Икемділік: мәні, көрсеткіштері, түрлері.**